

№1 педагогикалық кеңестің
шешімінде қабылданды

28. 08. 2025
(күні, айы, жылы)



БЕКІТЕМІН
№8 «Күншук» бөбекжай-балабақшасы
МККҚ менеджері

Ж.Саутбекова
«28» 08 2025 ж

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ
ОРТАҢҒЫ "ҚҰЛЫНШАҚ" ТОБЫНЫҢ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Тәрбиешілер: З.Баракова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025-2026оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білімберууіымы:МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Ортаңғы « Құлыншақ»

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардыңқұрылукезеңі: Қыркүйек айы 2025 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|----------|---------------------------|---|
| Қыркүйек | Дене тәрбиесі | <p>Жүру: Бір-бірінің жанына сапқа тұрып, бір-бірден жүру.</p> <p>Жүру: Сапта бірқалыпты және аяқтың ұшымен жүру.</p> <p>Жүгіру: Сапта бір қалыпты және бір-бірден жүгіру.</p> <p>Жүгіру: Сапта тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру.</p> <p>Сапқа тұру: Шеңберге тұру және шеңбердің іші, сырты, ортасын табу.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау: Тура жолмен тепе-теңдік сақтап жүру.</p> <p>Жүру: Сапта тапсырмаларды орындай отырып жүру.</p> <p>Лақтыру: Заттарды оң және сол қолмен (2,5-5метр) қашықтыққа лақтыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипедпен тік жолмен тебу.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипедті оңға және солға бұрып тебу.</p> <p>Еңбектеу: Тура бағытта еңбектеу.</p> <p>Ұлттық ойын: «Тымақ ұру».</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын</p> |

| | | |
|--|--|---|
| | | <p>қалыптастыру.</p> <p>Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "ұста", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p> |
| | <p>Тіл дамыту және көркем әдебиет</p> | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Жұмбақ шешкізу, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда өз ойын айтуға үйрету</p> <p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p> |
| | <p>Қазақ тілі</p> | <p>Тілдік дамытушы орта: Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау.</p> <p>Сөздік қор: Тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> |

| | |
|------------------------------------|---|
| <p>Математика негіздері</p> | <p>Сан: «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру. Заттарды салыстыру: «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p> <p>Шама: Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру.</p> |
| <p>Сурет салу</p> | <p>Әр түрлі пішіндегі заттарды бейнелеуді үйрету.(көгеністер мен жемістер, шарлар, күн) Сурет салу кезінде қарындашты қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> |
| <p>Мүсіндеу</p> | <p>Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу. Көгеністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p> |
| <p>Жапсыру</p> | <p>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p> |
| <p>Құрастыру</p> | <p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> |
| <p>Музыка</p> | <p>Музыка тыңдау: Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.</p> |

| | | |
|--|--|---|
| | | <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> |
| <p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p> | <p>Бала,оның отбасы,үйі: Отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарымқатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.</p> <p>Еңбекке баулу: Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: Ауа-райының жағдайын анықтауды қалыптастыру.</p> | |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білімберууіымы: МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Ортаңғы « Құлыншақ»

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы 2025 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-------|---------------------------|---|
| Қазан | Дене тәрбиесі | <p>Жүру: Екеуден жұппен жүру.</p> <p>Жүгіру: Аяқтың ұшымен, жүгіру .50-60 секунд ішінде тоқтамай баяу қарқынмен жүгіру. Белгі бойынша көрсетілген жерге дейін жүгіру.</p> <p>Секіру: 2-3 метр қашықтыққа алға жылжып секіру. Ілініп тұрған затқа секіріп қолмен жету</p> <p>Еңбектеу: Тартылған арқанның астынан еңбектеп өту (биіктігі 40 см) Доғаның астынан еңбектеп өту (биіктігі 40 см) 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу.</p> <p>Лақтыру: 2,5-5 м қашықтыққа заттарды оң және сол қолмен лақтыру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау: Жерде жатқан арқан бойымен тепе- теңдік сақтап жүру. Арқан бойымен тепе-теңдік сақтап жүру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипедпен шеңбер бойымен айналып тебу.</p> <p>Ырғақтық жаттығулар: Таныс қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p>Ұлттық ойын: «Бос орын»</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "ұста", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі.</p> |

| | | |
|--|--|--|
| | | <p>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту.</p> |
| | <p>Тіл дамыту және көркем әдебиет</p> | <p>Сөздік қор: заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дауыссыз (к-қ,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу,</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. өз ойын айтуға үйрету.</p> <p>Тілдік грамматикалық құрлымы: зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге, зат есімдерді жекеше, көпше қолдану.</p> <p>Кітаптарға қызығушылығын ояту: Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету,</p> |
| | <p>Қазақ тілі</p> | <p>Тілдік дамытушы орта: Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрлымы:</p> |

| | |
|-----------------------------|--|
| | <p>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p> |
| Математика негіздері | <p>Сан: «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру</p> <p>Шама: Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру,</p> <p>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлауүстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p>Уақытты бағдарлау.Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кешке.</p> |
| Сурет салу | <p>Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.Сурет салу кезінде қарындашты дұрыс ұстауды үйрету. Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. қызыл, сары, жасыл, негізгі түстерді қолдану.</p> |
| Мүсіндеу | <p>Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p> |
| Жапсыру | <p>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру Желімдеудің техникасын үйрету: желімді мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p> |
| Құрастыру | <p>Құрастыру дағдыларын дамыту. Конструкторлардың түрлерімен таныстыру.Құрастыру дағдыларын дамыту, кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.</p> |

| | | |
|--|--|---|
| | <p>Музыка</p> | <p>Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Заттар мен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p> |
| | <p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p> | <p>Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p> <p>Заттық әлем. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру</p> <p>Еңбекке баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.</p> <p>Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p> <p>Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p> |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білімберууіымы: МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Ортаңғы « Құлыншақ»

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардыңқұрылукезеңі: Қараша айы 2025 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|--------|---------------------------|---|
| Қараша | Дене тәрбиесі | <p>Еңбектеу: 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу.</p> <p>Секіру: 15-20см биіктен секіру</p> <p>Жүру: Шашырап және қайта саппен жүру.</p> <p>Жүгіру: Сапта бір-бірден жүгіру.</p> <p>Лақтыру: Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға затты лақтыру (2,5-5 м қашықтықта)</p> <p>Жүгіру: Тура және шеңбер бойымен жүгіру</p> <p>Жүру: Қол ұстасып,жүппен жүру.</p> <p>Сапқа тұру: Бірінің артынан бірі сапқа тұру.</p> <p>Секіру: Бір орнында тұрып ұзындыққа секіру (40 см қашықтыққа)</p> <p>Еңбектеу: Туннель арқылы еңбектеу.</p> <p>Өрмелеу: Саты бойымен өрмелеу.</p> <p>Ұлттық ойын: «Қол күрес»</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> |

| | | |
|--|--|--|
| | | <p>Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "ұста", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p> |
| | <p>Тіл дамыту және көркем әдебиет</p> | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д,) дыбыстарды анық айту, , сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану,</p> <hr/> <p>Кітаптарға қызығушылықты ояту Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p> |

| | |
|-----------------------------|---|
| | Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| Қазақ тілі | <p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), атауларын айту түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаттауға баулу.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p> |
| Математика негіздері | <p>Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Шама Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру,</p> <p>Кеңістікті бағдарлау Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p>Сан «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету.</p> <p>Уақытты бағдарлау Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p> |

| | |
|--------------------------|---|
| <p>Сурет салу</p> | <p>Әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызылт, көгілдір, сұр) қолдану. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу</p> |
| <p>Мүсіндеу</p> | <p>ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p> |
| <p>Жапсыру</p> | <p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отыруға үйрету. Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру</p> |
| <p>Құрастыру</p> | <p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.</p> |
| <p>Музыка</p> | <p>Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> |

| | | |
|--|-----------------------------------|---|
| | Қоршаған әлеммен таныстыру | Еңбекке баулу Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға баулу. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Өсімдіктер әлемі Кейбір көгөністер мен жемістердің, 2-3 түрін тану және атау. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер Табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Ауа-райының жағдайын анықтау. Жануарлар әлемі Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру. Заттық әлем Заттардың айырмашылықтары мен атауларын атау, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Есту арқылы тануды қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Көлік Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. |
|--|-----------------------------------|---|

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білімберууіымы:МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Ортаңғы « Құлыншақ»

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы 2025 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----------|---------------------------|---|
| Желтоқсан | Дене тәрбиесі | <p>Домалату: Аяқты алшақ қойып отырып, бір-біріне (1,5-2 метр) қашықтықта допты домалату.</p> <p>Секіру: 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру.</p> <p>Еңбектеу: Заттарды айналып еңбектеу.</p> <p>Сапқа тұру: Бірінің артынан бірі сапқа тұру.</p> <p>Еңбектеу: Туннель арқылы еңбектеу.</p> <p>Жүру: Сапта бір-бірден және екеуден жұппен жүру.</p> <p>Секіру: Құрсаудан құрсауға секіру.</p> <p>Еңбектеу: Биіктігі 40 см доғаның астынан еңбектеп өту.</p> <p>Сапқа тұру: Саптағы, шеңбердегі өз орнын табу.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау: Тура жолмен тепе-теңдікті сақтап жүру.</p> <p>Қағып алу: Допты жоғары лақтырып, қағып алу.</p> <p>Ырғақты жаттығулар: Таныс қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p>Ұлттық ойын: «Қуыр-қуыр қуырмаш»</p> |

| | | |
|--|--|---|
| | | <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "ұста", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту.</p> |
| | <p>Тіл дамыту және көркем әдебиет</p> | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д,) дыбыстарды анық айту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту.</p> <p>Сөздік қор сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді енгізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p> <p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға,</p> |

| | | |
|-----------------------------|--|--|
| | | <p>шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау,. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p> |
| Қазақ тілі | | <p>Тілдік дамытушы орта: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, әңгімелесе білуге баулу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, баулу.</p> |
| Математика негіздері | | <p>Сан «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p> <p>Шама Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру</p> <p>Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау.</p> |

| | |
|-------------------|--|
| | <p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p>Уақытты бағдарлау Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p> |
| Сурет салу | <p>Көлденең және тік сызықтарды салу дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, Сурет салу кезінде қарындашты қыспай дұрыс ұстауды үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, негізгі түстер қолдану. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> |
| Мүсіндеу | <p>Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p> <p>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p> |
| Жапсыру | <p>Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыр, Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыруда қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу</p> <p>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) жапсыру</p> <p>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p> |
| Құрастыру | <p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p> <p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.</p> <p>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p> <p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> |
| Музыка | <p>Музыка тыңдау: Әр түрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p>Ән айту: Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Билер: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Музыканың басталуы мен</p> |

| | | |
|--|--|---|
| | | аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. |
| | <p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p> | <p>Бала, оның отбасы, үйі. өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.</p> <p>Заттық әлем. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.</p> |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білімберууіымы:МКҚК №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Ортаңғы « Құлыншақ»

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы 2026 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|--------|---------------------------|---|
| Қаңтар | Дене тәрбиесі | <p>Жүру: «Жыланша» ирелеңдеп заттар арасымен жүру.</p> <p>Секіру: 15-20 см биіктіктен секіру.</p> <p>Өрмелеу: Саты бойымен өрмелеу.</p> <p>Домалату: Заттардың арасымен допты домалату.</p> <p>Жүру: Қол ұстасып және арқаннан ұстап жүру.</p> <p>Домалату: Допты қақпаға домалату.</p> <p>Жүру: Тура және шеңбер бойымен жүру.</p> <p>Секіру: Сызықтан секіру.</p> <p>Еңбектеу: Заттардың арасымен еңбектеу.</p> <p>Лақтыру: Оң және сол қолмен биіктігі 1,2 метр тік нысанаға допты лақтыру.</p> <p>Ұлттық ойын: «Оқтау тартыс»</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "ұста", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.</p> |

| | | |
|--|--|--|
| | | <p>Дербес қимыл белсенділігі. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген үмтылысын қолдау.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p> |
| | <p>Тіл дамыту және көркем әдебиет</p> | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p> <p>Кітаптарға қызығушылықты ояту: Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p> |

| | |
|------------------------------------|---|
| | <p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p> |
| <p>Қазақ тілі</p> | <p>Тілдік дамытушы орта. бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөздік қор: табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу: балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p> |
| <p>Математика негіздері</p> | <p>Сан: «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. Шама: Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Геометриялық фигуралар: Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау, үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Уақыт бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p> |

| | |
|-----------------------------------|--|
| Сурет салу | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. |
| Мүсіндеу | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру |
